

«АЗАМАТТАРГА АРНАЛАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦІЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТАН МУЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТУЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГПЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 де ж. « 08 » 04

БСН 00340000953

№ 8704-1901-1400 АК

Басталқы тіркелген күні

20 04 ж. « 10 » 03

«Аграрлық несие корпорациясы»  
АҚ Жалғыз акционерінің  
шешімімен

«Бекітілді»

«Бәйтерек» Ұлттық басқаруышы  
холдингі» акционерлік қоғамы  
Басқармасының

2021 жылғы « 31 » наурыздағы  
№ 15 /21 хаттамасы

«Бәйтерек» Ұлттық басқаруышы  
холдингі» акционерлік қоғамы  
Басқармасының 2021 жылғы  
« 31 » 03 бетпе-бет  
отырысының № 15 /21  
хаттамасына  
№ 26 Қосымша



«Аграрлық несие корпорациясы»  
акционерлік қоғамының  
жарғысы

Нұр-Сұлтан қаласы  
2021 жыл

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес занды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндет алады, сotta талапкер және жауапкер бола алады.

3. Қоғамның өз атауы жазылған бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен занды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, занды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## **2. ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРИ**

7. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық: «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы;

қысқаша: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ;

орыс тілінде:

толық: акционерное общество «Аграрная кредитная корпорация»;

қысқаша: АО «Аграрная кредитная корпорация»;

ағылшын тілінде:

толық: Joint Stock Company «Agrarian Credit Corporation»;

қысқаша: JSC «Agrarian Credit Corporation».

8. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Иманов көшесі, 11, «Нұрсөulet-1» Бизнес-орталығы.

9. Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсы – [www.agrocredit.kz](http://www.agrocredit.kz).

### **3. ҚОҒАМНЫҢ ЗАНДЫ МӘРТЕБЕСІ**

10. Қоғам акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке меншік құқығымен ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

Қоғамның Жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы болып табылады.

11. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

12. Қоғам акциялар, облигациялар және өзге бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібі заңнамамен айқындалады.

13. Қоғам жай акцияларды ғана шығарады. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендерді төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

### **4. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

14. Қоғамды құру мақсаты агроОнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеудің қол жетімді жүйесін дамыту арқылы аграрлық саланы индустріяландыруда және әртаратандыруда қолғабыс ету болып табылады.

15. Қоғам қызметінің түрлері:

1) тиісті лицензия негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру;

2) кредиттеу арқылы ауыл шаруашылығы секторын қолдау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу;

3) отандық және шетел инвестицияларын тарту;

4) агроОнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды өзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;

5) лизингтік қызметті іске асыру;

6) қаржы институттарын қорландыру;

7) олардың агроОнеркәсіптік кешен субъектілерін ислам қағидалары бойынша қаржыландыру мақсаттары үшін ислам қаржы құралдарын пайдалану арқылы занды тұлғаларды қаржыландыру;

8) осы Жарғымен көзделген Қоғам қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап беретін және ұлттық басқарушы холдингердің еншілес занды тұлғалары үшін Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тізбеге сәйкес қызметтің өзге түрлері болып табылады.

16. Жекелеген қызмет түрлерін іске асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензиясы) қажет болған жағдайда, Қоғам аталмыш қызмет түрлерін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсатты (лицензияны) алғаннан кейін ғана іске асырады.

## **5. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

17. Қоғамның Жалғыз акционері құқылы:

1) Заннамада және (немесе) осы жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы акпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционермен немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитариден немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның құнды қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінділер алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

6) заңнамада көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал қоюға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын занда белгіленген тәртіппен артықшылықпен сатып алуға құқығы бар;

10) Занда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға құқылы.

11) Директорлар кеңесіне заңнамаға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелер енгізуі ұсынуға;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шакыруды талап етуге;

13) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

18. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

19. Жалғыз акционер міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) орталық депозитарийге Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

## **6. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

20. Қоғам жай акциялар шығарады. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді.

21. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамда таза кіріс болған кезде дивидендер алуға және Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкін алуға құқық береді.

22. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздаррынды туралы заңдарында белгіленеді.

## **7. ДИВИДЕНДТЕР**

23. Қоғамның таза табысы Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендер төлеуге бөлінеді.

Жалғыз акционерге дивидендер төлеу қаржы жылының қорытындысы бойынша жылына бір рет жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша дивидендерді есептеу және төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды. Дивидендер Занда көзделген мерзімде төленеді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендер есептеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда дивидендерді оның акциялары бойынша есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда;

24. Дивидендер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, жалғыз акционерге дивидендердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау құніне үәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

## 8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

25. Қоғамның органдары мыналар:

- 1) Қоғамның жоғары органы – Жалғыз акционер;
- 2) Қоғамның басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Қоғамның атқарушы органы – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырушы орган – ішкі аудит қызметі;
- 5) заңнамаға және (немесе) Қоғамның жарғысына сәйкес өзге де органдар.

26. Қоғам органдарының отырыстарын шакыру, дайындау және өткізу тәртібін, Қоғам органдарының шешімдер қабылдау тәртібін, оның ішінде шешімдері айқын басым көпшілік дауыспен қабылдануға тиіс мәселелердің тізбесін қоса алғанда, Қоғам органдарын құру, олардың қызметін ұйымдастыру тәртібі және олардың құзыреті осы Жарғыға және (немесе) Қоғамның ішкі күжаттарына сәйкес айқындалады.

## 9. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

27. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде кайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту (жарияланған акциялардың санын анықтау) немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;
- 8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шығындар өтемақысын төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 9) Басқарма Төрағасын сайлау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;

12) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне не болмаса Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайзын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге де заңды тұлғалардың катысушылар (акционерлер) құрамынан шығуына Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) акцияларды Қоғам заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту);

17) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерге ұсыну тәртібін айқындау, мұндай тәртіп қоғамның жарғысымен көзделмеген болса;

18) «алтын акцияны» енгізу және жою;

19) нәтижесінде Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайзы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайзын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

20) Жалғыз акционер айқындастын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

21) Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру;

22) Қоғам Басқармасының Төрағасын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алу;

23) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

24) Қоғамда тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешімдер қабылдау;

25) шешімін қабылдау заңнамамен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, осы Жарғыда және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

29. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылатын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімін бұзуға құқылы.

30. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін және Қоғамның бір жай акциясына шакқандағы дивиденд мөлшерін айқындау;

3) Жалғыз акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселені қарау болып табылады.

Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

31. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу:

1) атқарушы орган;

2) Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

32. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.

33. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жататын, мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.

34. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

1) Тегі, аты, сондай - ақ қалауы бойынша-әкесінің аты;

2) білімі туралы мәліметтер;

3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;

4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат қамтылуға тиіс.

Күн тәртібіне Қоғамның директорлар кеңесін сайлау (Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидаттың кімнің өкілі болып табылатыны немесе оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатыны қөрсетілуге тиіс.

35. Акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жататын төмендегідей мәселелер бойынша шешімдер, Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша Қоғамның материалдары мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Жалғыз акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) мәселені Қоғамның Жалғыз акционеріне шығару бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

## **10. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

36. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне және Басқарманың құзыretіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің ерекше құзыretіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- 2) Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) комитеттер күру, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, комплаенс қызметінің, омбудсменнің жұмысы туралы есептерді бекіту;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ, Басқарма төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Занда көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

10) Қоғамның Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін және еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

11) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

13) комплаенс қызметінің басшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеу шарттарын айқындау;

14) омбудсменді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

15) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

16) Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер және атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

17) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекіту (тәуекелдерді басқару саясаты, тәуекелдер тіркелімі; тәуекелдер картасы; сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары; бизнес-үрдістердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасы; тәуекел-тәбет; тәуекелдердің түйінді индикаторлары; тәуекелдер бойынша есептер);

18) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

19) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдау;

20) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

21) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

22) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын езге де қупияны құрайтын акпаратты айқындау;

23) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді заңға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

24) қызметкерлердің жалпы санын бекіту;

25) Жалғыз акционерге шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

26) Қоғамның әкімшілік шығыстарының нормативтерінің жекелеген түрлерін және өзге де лимиттерін бекіту;

27) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

28) Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей жедел тапсырмалар беру;

29) Басқарма мүшелерін (Басқарма төрағасын қоспағанда), ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, корпоративтік хатшыны материалдық және тәртіптік жауаптылыққа тарту, жұмыстан шеттету, сондай-ақ тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

30) Қазақстан Республикасының заннамасында және (немесе) Қоғамның осы жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады.

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Басқармаға берілмейді.

38. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің немесе Басқарманың ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайши келетін шешімдер қабылдауға құқығы жок.

39. Жеке тұлғағана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

40. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі мен біліктілігі болуға, сондай-ақ олардың міндеттерін орындау үшін және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін Қоғамның ішкі күжаттарында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келуге тиіс.

41. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

42. Директорлар кеңесінің мүшелері тәмендегілер:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалардың;

2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалардың қатарынан сайланады.

43. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды курауы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі құрамының отыз пайызынан кем болмауға тиіс.

44. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда белгіленеді. Тәуелсіз директорларға Қоғамның ішкі құжатында қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

45. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Баскарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

46. Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің өкілдері, лауазымы бойынша Қоғамның Басқарма Төрағасы және тәуелсіз директорлар кіреді.

47. Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен олардың қызметін бағалаудың қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесі мүшесінің жұмыс нәтижелері мен қызметін бағалау нәтижелері, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Тәуелсіз директорлар қатарындағы бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт сайлана алмайды (мысалы, үш үш жылдық мерзім). Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактінің шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын немесе өзге мерзімде жүргізіледі.

48. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

49. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

50. Тәуелсіз директорлармен азаматтық-құқықтық шарттар жасалады, оның ішінде олардың Қоғамның қызметтік және коммерциялық қупияларын құрайтын мәліметтерді жарияладау туралы міндеттемелері бар. Директорлар кеңесінің қалған мүшелерімен мұндай шарттарға қажет болған және заңнамалық шектеулер болмаған жағдайда қол қойылады, көрсетілген шарттар жасалмаған кезде Қоғамның қызметтік және коммерциялық қупияларын құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерді олар жеке қабылдайды. Тәуелсіз директорлармен жасалатын шарттарға Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды.

51. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар, егер зандарда және Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайланған алады.

52. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Егер Жалғыз акционердің шешімімен өзгеше айқындалмаса, Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған кезде аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционер оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

53. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

54. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, егер Жалғыз акционердің шешімімен өзгеше белгіленбесе, соңғысының өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

55. Егер Занында және Қоғамның осы жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырыска катысып отырған (оның ішінде Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірлерін ескере отырып) немесе сырттай дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

56. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша не оның талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің;

57. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

58. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

59. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндettі түрде шақыра отырып өткізіледі.

60. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын ұсынылады.

61. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды. Кворум қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып, байланыстың техникалық құралдарын (бейнеконференция сеансы, телефон конференцбайланыс режимінде және т.б.) пайдалана отырып не олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған кезде айқындалуы мүмкін. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде жазбаша пікір Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру нәтижесін қамтитын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ғана ескеріледі.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндettі. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие.

62. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

63. Директорлар Кеңесінің шешім қабылдауы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады. Мұндай шешімдерді қабылдау тәртібі осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

64. Директорлар кеңесінің бетпе-бет тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілгеннен кейін күнтізбелік жеті күн ішінде отырыска төрағалық еткен адам және корпоративтік хатшы жасауға және оған қол қоюға тиіс және онда отырыс өткізілгеннен кейін күнтізбелік жеті күн ішінде Директорлар кеңесінің шешімдері:

- Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- отырыска қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- отырыс кворумының болуы туралы ақпарат;
- отырыстың күн тәртібі;
- дауыс беруге қойылған мәселелер және директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- қабылданған шешімдер;
- Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

65. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Хаттама мен шешімнен өз қолымен және корпоративтік хатшы мөрінің бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелер беруге міндетті.

66. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына (ал ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – Басқармаға) жазбаша нысанда беріледі және онда дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселеле (мәселелер) болуға тиіс.

67. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніді корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, оны өткізу туралы хабарлай отырып жіберуге тиіс.

68. Бюллетенде мыналар болуы керек:

- Қоғамның атқарушы органдының толық атауы және орналасқан жері;
- отырысты шақыруға бастамашы болған тұлғаны (органды) көрсету;
- отырыстың күн тәртібі;
- дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- сырттай дауыс беруге арналған қол қойылған бюллетеніді корпоративтік хатшыға ұсынудың соңғы күні;
- өзге де мәліметтер.

69. Белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

70. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оларға осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетендердің көшірмелері қоса беріледі.

71. Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғамның атқарушы органдынан және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алуға құқығы бар.

72. Директорлар кеңесінің Қоғамның немесе оның үлестес тұлғаларының бағалы қағаздарымен мәміле жасау ниеті бар мүшесі Директорлар кеңесіне бұл ниет туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

73. Директорлар кеңесінің мүшесіне Қоғаммен мұдделер қактығысын тудыратын немесе тудыруы мүмкін қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады, сондай-ақ Қоғам қызметімен бәсекелес үйымда басшылауазымдарды атқаруға тыйым салынады.

74. Жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен қабылданады.

75. Негұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі және сыртқы аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын ішкі және сыртқы аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

76. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті қасіби білімі, құзыреттері мен дағдылары бар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады, бұл ретте комитеттердің құрамы тәуелсіз директорлардың 2/3-інен тұруға тиіс.

77. Функцияларына 75 тармақтың 3) тармақшасында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесінің Комитеті Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінен тұруға тиіс. Тәуелсіз болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі, егер Директорлар кеңесі ерекшелік ретінде осы адамның аудит жөніндегі комитетке мүшелігі Жалғыз акционер мен Холдингтің мүддесі үшін қажет деп шешсе, осы комитеттің құрамына сайлануы мүмкін. Осы тағайындау пайда болған кезде Директорлар кеңесі осы тұлғаның тәуелділік сипатын ашып, осындай шешімді негізделгені жөн.

Функцияларына 75 тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

78. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

## 11. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

79. Қоғамның Атқарушы органды Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Басқарма болып табылады.

80. Басқарма оның мүшелерінен тұрады, құрамында кемінде 3 (үш) адам, оның ішінде: Басқарма Төрағасы және Басқарманың басқа да мүшелері. Қоғам қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

81. Басқарма Төрағасы басқа занды тұлғаларда басқару органының басшысы болуға немесе ондағы атқару органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқылы емес.

82. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен, сондай-ақ олардың әрқайсысы Қоғаммен жасайтын еңбек шартымен айқындалады. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оған Жалғыз акционер немесе Қоғамның Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

83. Қоғам мен Басқарма мүшелері арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының күші Заңның ережелерімен реттелмеген бөлігінде қолданылады.

84. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа үйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Қоғам Басқармасының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Қоғам Басқармасының отырыстарын Басқарма Төрағасы үйымдастырады. Басқарма жұмысының тәртібі, отырыстарды шақыру, дайындау және өткізу тәртібін бірге қосқанда, Директорлар кеңесі бекітетін Басқарма туралы ережемен белгіленеді.

85. Басқарма құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдау жатады, оның ішінде:

1) ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының, комплаенс қызметі басшысының, омбудсменің мәселелерін қоспағанда, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

2) салықтық есепке алу саясатын бекіту;

3) есеп саясатын бекіту;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжатты бекіту;

5) бекітілген даму жоспары шенберінде жылдық бюджетті бекіту;

6) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы саны шенберінде штаттық кестені және үйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте, жаңа бизнес процестердің және (немесе) қызмет бағыттарының пайда болуы және (немесе) қазіргі бизнес-процестерден және (немесе) қызмет бағыттарынан бас тарту; мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін қайта үйымдастырулар, өзгерістер, жаңа мемлекеттік бағдарламаларды бекіту және (немесе) қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда, үйымдық құрылымды күнтізбелік жылда бір реттен асырмай өзгертуге жол беріледі;

7) Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

8) бекітілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Қоғам қызметін үйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;

9) еңбекақы, сыйақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидаларды, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің (Басқарма Төрағасы мен мүшелерін, ішкі аудит қызметін, Қоғамның корпоративтік хатшысын, комплаенс қызметі басшысын) лауазымдық айлықақыларының схемасын бекіту;

10) демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешімдер қабылдау;

11) Қоғам Басқармасының жанындағы комитеттерді құру, құрамын анықтау, комитеттер (комиссиялар) туралы ережелерді бекіту туралы шешімдер қабылдау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің екіден он пайызға дейінгі шамасына ұлғайту және өзге де мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның басқа органдары мен Қоғамның лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

86. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің тапсырмаларын уақтылы орындау тиісті есепті кезенде Қоғам Басқармасы Төрағасының, сондай-ақ тапсырманы орындауға жауапты құрылымдық бөлімше басшысының, орындаушысының және осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қоғам Басқармасы мүшесінің нәтижелілігіне әсер ететін көрсеткіш болып табылады.

Егер мәміле жасасу кезінде тараптар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып, Басқарма жасаған мәміленің жарамдылығына Қоғам дау айтуға құқылы.

87. Басқарма мүшелеріне Қоғамның бәсекелес компанияларының басқару органдарының (қадағалау органдарының) және атқарушы органдарының құрамына кіруге тыйым салынады.

88. Егер Басқарма мүшесінің Қоғамның мәміле жасауына мүдделілігі болған жағдайда, ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде, бірақ осы мәмілені жасасу туралы мәселе қаралатын Басқарма отырысының күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты Басқарма мен Директорлар кеңесінің назарына жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

89. Басқарма Төрағасы осы Жарғымен белгінген тәртіpte:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын үйымдастырады;

2) Қоғам атынан оның үшінші тұлғалармен қатынастарында сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғамның қызметкерлерін (Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелек шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындаитын (сайлайтын) қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақылардың мөлшерін айқындаиды;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жаупкершілікті бөледі;

7) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

8) Құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

9) Қоғам стратегиясының, даму жоспарының және жылдық бюджетінің әзірленуін және орындалуын, сондай-ақ олардың заңнамаға сәйкес орындалуы туралы есептердің әзірленуін камтамасыз етеді;

10) сыйбайлас жемқорлықта карсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмыска дербес жауапты болады;

11) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің екі пайызына дейінгі шамаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ Қоғам атынан Қоғам органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәмілелерді жасайды;

12) Қоғам Жарғысымен және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

90. Басқарма Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

91. Басқарма мүшелері Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық ету, Басқарма Төрағасын хабардар ету жолымен немесе өзге де қолжетімді тәсілмен залалдың алдын алу үшін, Қоғам қызметін онтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауга міндетті. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер аясы бойынша істің жай-күйі туралы хабардар етеді.

92. Басқарма мүшелері жетекшілік ететін Қоғам қызметінің бағыттарын дербес бекітуді Басқарма Төрағасы олардың тәжірибесі мен біліктілігіне қарай тиісті бұйрық қабылдау арқылы жүзеге асырады.

93. Басқарма жанынан тұрақты жұмыс істейтін алқалы органдар, оның ішінде тәуекелдер жөніндегі комитеттер, кадрлар жөніндегі комитеттер және басқалары құрылуды мүмкін, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма ұсынған құқықтар мен өкілеттіктер шенберінде әрекет етеді.

94. Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасқан еңбек шартында айқындалады. Еңбек шартына, сондай-ақ Қоғам атынан Басқарма тәрағасымен жасалатын өзге де шарттарға Директорлар кеңесінің тәрағасы қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шарттарына Басқарма Тәрағасы қол қояды.

## 12. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

95. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Директорлар кеңесінің шешімімен Ішкі аудит қызметі құрылған.

96. Ішкі аудит қызметінің қызметкерін, оның ішінде басшысын лауазымға Директорлар кеңесі тағайындейді және лауазымынан босатады.

97. Ішкі аудит қызметі басшысының лауазымына кандидатураны Директорлар кеңесінің тәрағасы не өзге мүшесі белгіленген тәртіппен ұсынады.

98. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесімен белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз шынайы ақпарат береді;

2) жүйелендірілген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, ішкі бақылау мен корпоративтік басқаруға бағалау жүргізеді, кеңес береді және оны жетілдіруге ықпал етеді;

3) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

99. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

100. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

101. Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметі жұмысының мәселелері қаралатын Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсынуға, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің құрамына енгізу үшін кандидатураларды Директорлар кеңесінің қарауына енгізуге құқылды.

102. Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, осы Жарғымен, Ішкі аудит қызметі туралы ережемен және еңбек шарттарымен реттеледі.

103. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, құқықтары, жауапкершілігі мен жұмыс тәртібі Директорлар кеңесімен бекітілетін Ішкі аудит қызметі туралы ережемен және ішкі құжаттармен айқындалады.

## 13. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

104. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны осы Жарғыға және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде теріс пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуіді коса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуын және берілуін бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзге мерзімдер көзделмесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған кезден бастап үш жыл ішінде сактауға міндетті.

105. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздіктерімен келтірілген зиян үшін және:

1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Заңмен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (кіріс) алуы мақсатында Қоғам залалдарының туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуға ұсыныс жасау және (немесе) сол мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қосқанда, бірақ олармен шектелмей, Қоғамға келтірілген залалдар үшін Қоғам мен Жалғыз акционердің алдында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікті көтереді.

#### **14. ЕСЕП, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ**

106. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

107. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес үйымы (үйымдары) болмаған жағдайда - шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке берілетін түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес акционерлер мен

инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайзы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

108. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Директорлар кеңесі оны Жалғыз акционердің қарауына шығару күніне дейін құнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Жалғыз акционер түпкілікті бекітеді.

109. Қоғам аудиторлық үйымдар белгіленген тәртіппен есепті кезеңді аяқтағаннан кейін құнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндettі. Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе Жалғыз акционердің талап етуі бойынша соның есебінен жүргізуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық үйымды өзінше айқындауға құқылды.

Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық үйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндettі.

Егер Қоғам Басқармасы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

110. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

## **15. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРATTЫ АШУЫ, ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ АШУЫ**

111. Қоғам ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашуды жүзеге асыруға міндettі.

112. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам Жалғыз акционерге Занда көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамға осындағы өтініш келіп түскен күннен бастап құнтізбелік он күннен кешіктірмей ұсынуға міндettі.

113. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға табыс етуге міндettі. Үлестес

тұлғалар туралы мәліметтер Қоғам белгілеген нысан бойынша ұсынылуға тиіс.

## **16. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ (ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ) ШАРТТАРЫ**

114. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

115. Қайта ұйымдастыру ерікті және мәжбүрлі түрде жүргізуі мүмкін.

116. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлармен келісім бойынша және солардың бақылауымен тарату рәсімін айқындайтын Жалғыз акционер қабылдайды.

117. Қоғамды мәжбүрлі түрде таратуды Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі көзделмесе, мүдделі тұлғалар Қоғамды тарату туралы талапты сотқа қоюы мүмкін.

## **17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

118. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

**«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ  
Басқарма Төрағасы**



**Култаев Б.К.**